

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым. Туған халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан киелі сөз өнерін меңгеру жолдарын ұсыну ғалымның өмірлік мақсаты болды. Ғалымның қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының теориясы мен әдістемесі жайлы еңбектері бүгінге дейін өзекті, ұсынған терминдері өзгеріссіз қолданылып келеді. Ал қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесіне А. Байтұрсынұлының «баулу мектебі», «тірі білім», сөз өнері адам санасының үш негізіне сүйенетіндігі және «мәтін тілінің ғылымы» жайлы әдістемелік идеялары теориялық негіз болады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жарияланған «Баулу мектебі» атты мақаласында А. Байтұрсынұлы қазақ ұлттық білім беру жүйесінің тұжырымдамасын ұсынған. Баулыну дегенді ғалым кез келген өнер иесінің жанында жүріп, ден қойып, үйреніп, зерттеп жүріп, көргені мен естігенін қайталап жүріп үйрену деп түсіндіреді. Оған табиғаттан, өмірден мысалдар келтіреді. «Би болғандар би мектебінде баулынған, яғни биге атшы болып жүріп, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған» деген бір мысалын сөз өнерін меңгеру жайымен байланыстырып көрсек, бала өз ортасында естіген мағыналы-мәнді, айшықты сөз үлгілерін, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді құлағына құйып жүріп, қайталап айтып жүріп үйренген. Мүмкіндігі болғандар ақын-жыраулардың жанына ілесіп, сөз құдіретін сезіне жүріп, жатқа айтып, ауыздан-ауызға таратып жүріп меңгерген.

Олай болса, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту әдістемесі де Ахмет Байтұрсынұлының осы айтылған «баулу мектебі» тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес қазақ тілі сөз өнері ретінде оқытылады. Дұрыс, анық, таза, дәл, көрнекті әуезді, өрнекті сөйлеу мәдениетін, сөз өнерін меңгеріп, тіл байлығы дамыған адамның болашақ өмірі жарқын болатыны түсіндіріледі. Мұғалім оқулыққа енгізілген, өзі қосымша материал ретінде ұсынатын оқылым, тыңдалым мәтіндері арқылы сөз өнері шеберлерінің үлгілерін көрсетеді, олардың тілдік ерекшеліктерін танытады, тілдің құдіретін сезіндіру мақсатында құндылық бағдарлы әдістерді қолданады. Бұл жерде мұғалім оқушыға құндылық бағдар көрсететін баулушы қызметін атқарады. Сөз өнерін сүйетін, жетік меңгерген, мейірім-махаббатпен үйретуге дайын, өзінің мамандығына деген құндылық қатынасы жоғары, тілді шебер қолдану

үлгісімен оқушыны сөз өнері әлеміне тартып, қызықтыра алатын мұғалім нағыз баулушы бола алады.

Осы мақаласында ұлт ұстазы «тірі білім» деген мәселе көтереді. Ғалым тірі білімді орманға жай серуендеп қана бармай, қазық жасауға қажет ағаш іздеп бару мысалымен түсіндіреді. «Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек». Осы пікірі арқылы ғалым қазір жиі айтылып, жүзеге асырылу жағы ойсырап келе жатқан функционалдық тұрғыдан оқыту идеясының шешімді жолын көрсетеді.

Құндылықтар туралы білім қағаз бетіндегі танымдық ақпарат күйінен адам бойындағы «наным, сенім, мінез-құлық, әрекет» деген ұғымдарды құрайтын құндылық бағдарына айналғанға дейінгі аралықта бірнеше кезеңдерден өтуі тиіс. Осы құбылысты зерттеген психолог ғалымдар адамның құндылық бағдары қалыптасуының когнитивтік, эмоционалдық, бағалауыштық және әрекеттік деген үш кезеңін атап көрсетеді. Осы аталған үш кезеңнің А. Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқыш" еңбегіндегі сөз өнері адам санасының үш негізіне: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге тірелетіні жайлы тұжырымымен үндестігін байқаймыз. Ғалымның бұл пікірі құндылық бағдар қалыптасуының когнитивтік, эмоционалдық-бағалауыштық және әрекеттік деңгейлерімен, сонымен қатар құндылық қатынас қалыптасуының «түсіну; бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру; әрекет жасау, қолдану және өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру» кезеңдерімен сәйкес келетінін анық көруге болады (1-сурет).

1. <u>Когнитивтік</u>	« Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға, салып ойлау»
2. <u>Эмоционалды-бағалауыштық</u>	« Қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, <u>бернесіне</u> ұқсату, <u>бернелеу</u> , суреттеп ойлау»
3. <u>Әрекеттік</u>	« Көңіл ісі – түю, талғау»

1-сурет. Құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдерінің А. Байтұрсынұлы теориясымен сәйкестігі.

Құндылық бағдар қалыптасуының когнитивтік деңгейінде ақпаратты танып, қабылдау, түсіну ақыл ісі арқылы жүзеге асады. Эмоционалдық-бағалауыштық деңгейде бағалап, таңдау; өз өмірімен

байланысын анықтау қиял ісі арқылы орындалады. Ал соңғы әрекеттік кезеңде оқушы қабылдаған құндылықтарын көңіліне толық бекітіп, түйіп, нақты мақсаттарға жету жолында әрекеттер жасай бастайды. Өз өмірінде қолдану тәжірибесі қайталанған сайын ол құндылықтар оқушының өмірлік құндылықтар жүйесіне берік ене береді.

А. Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқыш" еңбегінде терең талдап көрсеткен «Сөз өнері» ғылымының негіздерін мектепте оқытылатын қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің білім мазмұны қамтиды. Осы екі пән бірігіп келіп, оқушыға сөз өнерін меңгертуге қызмет етеді. Жалпы ғалым өз еңбектерінде білім мен ғылымды өнер деп қарастырады. «Сауат ашқыш» атты сауатсыз үлкендер үшін дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби оқулығына енгізген «Өрбу» атты мақаласында: «Осы күнгі білім-өнер дегеніміз адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы. Өнер-ғылым білген адам тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы білген», - деп жазады. Ғалымның осы тұжырымына сүйенсек, қазақ тілі пәнінде оқушы тіл білімі ғылымының негіздерін меңгеру арқылы сөз өнерін меңгеріп шығады.

А. Байтұрсынұлы: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп, сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз», - деп жазады. Осы жердегі ғалымның «шығарма» деген терминін қазіргі әдістемеде «мәтін» деп қолданып жүрміз.

Сөз өнерін оқыту шығарма мазмұнын оқытумен қатар шығарма тілінің ғылымын оқыту арқылы жүзеге асады (2-сурет).



2-сурет. Сөз өнерінің ғылымы (А. Байтұрсынұлы).

А. Байтұрсынұлы шығарманың ішкі пікір жағы және тысқы тіл жағы болатынын, соған сәйкес сөз өнерінің ғылымы шығарма тілінің ғылымы және түрінің ғылымы болып екіге бөлінетінін атап көрсетеді. Бұны қазіргі әдістеме тілімен айтсақ, мәтіннің түрі мен тілі деп алуға болады. Демек қазақ тілі сабағында оқылым, тыңдалым мәтіндерінің түрі мен тілін талдау жұмыстары қатар жүргізілуі қажет.

А. Байтұрсынұлы баули оқыту үшін әдіс білім мен мәніс білім қатар берілуі тиіс дейді. Бұл жердегі мәніс білім – теориялық білім болса, әдіс білім – қарапайым жаттығулар орындау, қайталау түріндегі практикалық дағдыларды жетілдіруден әлдеқайда кең, қазіргі әдістемедегі функционалдық сауаттылық терминінің мәніне жақын келетін ұғым. Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін түрлі өмірлік жағдаяттарда, әлеуметтік қарым-қатынас салаларында кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қолдана алу қабілеті десек, функционалдық тұрғыдан оқыту оқушыға алған тілдік білімін өмірде қолдану мүмкіндігін береді. Әрбір тілдік бірліктің формалық-мағыналық деген екі жағы өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстың мәнін ашқан кезде оқушыда тілдің ерекшелігі туралы толық түсінік қалыптасады. Тілдегі грамматикалық категориялар бірігіп келіп, белгілі бір семантикалық өріс тудыратыны белгілі. Сондықтан қазақ тілі сабағында тілдің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері өзара тығыз байланыста оқытылады. Тілдің негізгі қызметі жайлы А.Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды», - деп жазады. Функционалдық тұрғыдан оқыту тілдің құрылымы мен жүйесі жайлы теориялық білім берумен ғана шектелмейді. Себебі тілдік жүйенің қалай құрылғаны жайлы «мәніс» білім, яғни құрғақ ережелер тілді қалай қолданудың әдістерін үйрете алмайды. Сондықтан тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшеліктері қолданыстағы мағынасымен және атқаратын қызметімен тығыз бірлікте оқытылады.

Тілді мағынаны жеткізуге қажетті стильдік құралдардың жүйесі ретінде оқыту функционалдық тұрғыдан оқыту деп аталады. Сондықтан қазақ тілін жұмсалымдық тұрғыдан оқытуда оның семантикалық қызметі ескеріледі. Егер оқушының айтар ойы, пікірі болмаса, үндемей отыратыны белгілі. Ал сыртқа шығаруы қажет пікірі, ойы айқын болса, оқушы тілдік санасында жинақталған тілдік бірліктер мен ұғымдар жайлы білімін өзара байланыста жинақтап, қалайда сол ойын жеткізу тәсілдерін табады. Әрине, тілдік білімінің деңгейіне қарай арасында қателіктер де жіберуі мүмкін, ол маңызды емес. Себебі дағды тәжірибе

арқылы қалыптасады. Ең бастысы жеткізгісі келетін ой (мағына) айқын болған кезде ғана, оған форма (құрылым) беру жеңіл болады. Керісінше болуы мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды, оқушы алдымен тілдік бірліктердің ерекшеліктерін есіне түсіріп, содан кейін оларды қолдана бастамайды. Әуелі мида тіл арқылы жеткізгісі келетін ой айқындалады да, содан кейін барып осы ойды жеткізуге қызмет ететін тілдік бірліктерді өзара байланыста қолдану арқылы мағынаға форма беріледі. Олай болса, оқушы сөйлем құрау кезінде мағынадан тілдік құралдарға қарай ауысады. Сондықтан функционалды тұрғыдан оқытуда мағынаны жеткізу үшін әртүрлі тілдік бірліктерді семантикалық қызметінің ортақтығы негізінде жинақтап қолдану тәсілдері меңгертіледі.

Құндылық бағдары дұрыс қалыптасып келе жатқан оқушы оқылым, тыңдалым мәтіндерінің түрі мен тілін талдау жұмысын мұғалім міндеттеген кезекті бір тапсырма ғана деп қарамай, осы дағдыны жетілдіру арқылы өз болашағымның сапалы бір кірпішін қалап жатырмын деп, саналы әрекет етеді, пайдалы, құнды деректерді барынша қармап қалауды, сол арқылы сөз өнерін меңгеруді мақсат етеді.

Қазіргі орта білім беру жүйесінде кеңінен тараған мәтін мазмұнын талдаумен шектелетін жұмыстар мәніс білім деңгейінде ғана қалып отыр. А. Байтұрсынұлы айтқан тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім функционалды тұрғыда баули оқыту арқылы жүзеге асады. Оқушы мәтін авторының сөйлеу, жазу үлгісі арқылы сөз өнеріне баулынады, мәтін тіліндегі тың тілдік қолданыстарды байқап, зерттеп, танып, біртіндеп өз сөздік қорына енгізе береді. Ол жұмысты белсенді, қызықты етіп ұйымдастыруда мұғалім көрсететін құндылық бағдар аса маңызды.